

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 27 (938) 16 маусым 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

Аудан әкімдігінің Отырысы

Аудан әкімі Б.Әлжановтың төрағалығымен өткен жиынға ауылдық округ әкімдері, бөлім басшылары мен кәсіпкерлер қатысты.

Күн тәртібінде құрылған кәсіпкерлігі дамыту бойынша 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын іске асыру барысы, Нәтижелі жұмыспен қамту саласындағы бағдарламаларды орындау және халықты жұмыспен қамтудың негізгі көрсеткіштерін орындау барысы бойынша Кәсіпкерлік бөлімнің басшысы Н.В.Голубь, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының м. а М.И.Потапова және Жұмыспен қамту орталығының директоры С.Д.Жакенова сөз алып, бүгінгі таңда атқарылған жұмыстар бойынша ақпарат берді.

2023 жылы 50 мың тонна біржолғы сақтауға арналған астық қоймасын салу, тәулігіне 1000 тонна көлемінде комбикорм өндіретін жем зауытын салу, өндіріс көлемі тәулігіне 300 тоннаға дейін жететін диірмен кешенін салу, ауыл шаруашылығы жануарларына арналған өндіріс көлемі тәулігіне 30мың тоннаға дейін жететін цех салу, жартылай фабрикаттарды қайта өңдеу цехтары мен супермаркет салу секілді ірі инвестициялық жобалар іске асырылмақ. Айтуларына, биылғы жылы дайын біршама жоба жүзеге асатын болса, нәтижесінде 103 адам жұмысқа тартылатын болады.

Сонымен қатар, Бизнесі қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарлама және кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба субсидиялау, кредиттік шарттар бойынша сыйақы және басқа да қаржыландыру шаралары түрінде мемлекеттік қолдау көрсету кезінде іске асырылады. Бағдарламада сондай-ақ мемлекеттік гранттар беру, кәсіпкерлікке оқыту және басқа да қолдау шараларын ұсыну көзделген. Бизнесі дамыту және кеңейту үшін қол жетімді осы құралдардың барлық кешені аудан кәсіпкерлеріне жақсы ынталандыру болды. Ауданда ашылатын бизнес орталықтарының саны көбейетін болады.

Ауылдық округтер мен Тайынша қаласының жедел деректері бойынша аудан халқының саны осы жылдың 1 маусымына 40 126 адамды құрайды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінің деңгейінен 602 адамға төмен. Және ол әкімнің назарынан тыс қалмады. Әкім халықты жұмыспен қамтуға баса назар аударуды тапсырды. Оны «Егер жұмысқа орналасу болмаса, онда халық саны да төмендейді. Адамдар табыс пен қолайлы жағдайлар бар жерге ұмтылады», - деп түсіндірді.

Кезекті жиын барысында көтерілген екінші мәселе - Тайынша ауданы аумағындағы ветеринарлы-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы болды. Тайынша аумақтық инспекциясының басшысы В.С.Головин мен КММ «Ветеринарлық станциясы» директоры М.М.Тоқужиновтың баяндамалары тыңдалды. Бұл жөнінде арнайы профилактикалық вакцинациялау ұйымдастырылып, аудандық малдарды тексеру жұмыстары жүргізілген және бұл жұмыс одан әрі жалғасатын болады.

Аудандық әкімдікте өткен екінші жұмыс кеңесінде ялы байланыс пен интернетті қабылданып жатқан шаралары және халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету туралы Тайынша ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобильдік жолдар бөлімінің басшысы Д.В.Руденко ақпарат берді. Сонымен қатар, бұл бағытта ауданымыздың алыс округтерінде арнайы мұнаралар салу және ауылдық жерлерде интернет сапасын жақсарту жоспарларын отыраны жайында айтылды. Тайынша санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Б.Б.Түлеуова ауданымыздың барлық су көздерінен су сынамаға алынғанын және су көздерінің 82% қолдануға жарамды екенін айтты. Сондай-ақ, Тайынша қаласында су тапшылығы туралы мәселе өткір тұрғанын және қала тұрғындарының көңіс бақтарын суару үшін көп мөлшерде су жұмсайтындығымен байланысты екенін баяндады.

Жаннұр БЕКТҰРҒАНОВА, тілші.

КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА!

Жазғы уақыт кезеңінде Тайынша ауданының автожолдарында автокөлік құралдары мен мотоциклдердің қозғалу белсенділігі байқалады, өзінің жақындарының өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ету үшін Тайынша ауданының полиция бөлімінің басшылығы жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерден жолдарда мұқият болуды, Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелерін, әсіресе жылдамдық режимін қатаң сәйкестікте, жол қозғалысының барлық қатысушыларына құрметпен қарауды ескертеді. Ата-аналар өз балаларына мотоциклдің әртүрлі түрлерінде бақылаусыз жүруге мүмкіндік береді, олардың жолаушылары да балалар болып табылады. Жалпы ортақ пайдаланылатын жолдарда мотоблоктарды пайдалануға тыйым салынғанын хабарлаймыз, осы фактілер анықталған кезде шаралар қабылданатын болады.

Тайынша ауданының полиция бөлімі.

Астана халықаралық форумы: СЫН-ҚАТЕРЛЕРДІ ЕҢСЕРУ КЕЗЕҢІ

“Диалог арқылы сын-қатерлерді еңсеру: ынтымақтастық, даму және прогресс жолында”. Елордада өз жұмысын бастаған Астана халықаралық форумының тақырыбы осылай аталады. Алпауыт компаниялардың басшылары мен әлемнің сақа саясаткерлері бас қосқан халықаралық форумның пленарлық сессиясына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты.

Дөңгелек үстел форматында өткен пленарлық сессияда жоғары мәртебелі делегаттар әлемдік экономикадағы, сауда және саясаттағы жаһандық үдерістерді талқылады. Сондай-ақ климаттың өзгеруі, азық-түлік тапшылығы және энергетикалық қауіпсіздік секілді түйткілдердің шешу жолдарын жан-жақты қарастырды. Жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Босния және Герцеговина Президиумының Төрағасы Желька Цвианович, Өзбекстан Премьер-министрі Абдулла Арипов, ЮНЕСКО Бас директоры Одрэ Азуле, ХВҚ Басқарушы директоры Кристалина Георгиева, ЕҚЫҰ Бас хатшысы Хельга Шмид және БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – ЭСКАТО ұйымының атқарушы директор Армида Салсиа Алисджабана сөз сөйледі. БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш форум қатысушыларына видеоүндеу жолдады. Пленарлық отырысты белгілі CNN журналисі Ричард Квест жүргізіп отырды.

Форум қатысушылары алдында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы жиынға қатысуға елімізге арнайы келген Қатар Әміріне, Қырғызстан Президентіне, Босния және Герцеговина Президиумының Төрағасына, Өзбекстан Премьер-министріне ризашылығын білдірді. Президент жаһандық экономиканың қазіргі жай-күйі мен өңірлік ынтымақтастық мәселелері жөнінде пікір алмасуда аталған форумның маңызы зор екенін атап өтті.

“Астана халықаралық форумына қош келдіңіздер! Мұнда барлық құрлықтан достарымыз бен әріптестеріміз, сондай-ақ үкіметтердің, дипломатия, бизнес және ғылыми топтардың өкілдері жиналып отыр. Аса қадірлі қонақтарымыз – Қатар Әміріне, Қырғызстан Президентіне, Босния және Герцеговина Президиумының Төрағасына, Өзбекстан Премьер-министріне және форумның басқа да құрметті қатысушыларына шынайы ризашылығымды білдіремін. Сіздердің жиынға арнайы келуге шешім қабылдап, форум жұмысына қатысқандарыңыз – біз үшін үлкен мәртебе. Жиын барысында жаһандық экономикалық және аймақтық ынтымақтастық мәселелерінің қазіргі жай-күйі жөнінде табысты пікір алмасамыз деп сенеміз. Бұл – халықаралық серіктестіктің шынайы мән-маңызын айқындайтын тәсілдердің бірі. Сондай-ақ форум жұмысын аша отырып, стратегиялық серіктестіміз – Біріккен Ұлттар Ұйымы мен оның ХВҚ, ЮНЕСКО, БҰҰ ДБ, ДСҰ, ЭСКАТО секілді ұйымдарына және басқа да халықаралық институттарға, Астана қаласына әріптестімізге шынайы ризашылығымды білдіруге рұқсат етіңіздер”, – деді Қ.Тоқаев.

Мемлекет басшысы өз сөзінде Астана халықаралық форумы диалог алаңы екенін жеткізді. Сондай-ақ іргелі іс-шараның негізгі миссиясына тоқталды. Біріншіден, форум әлемдегі жағдайды ашық талқылауға арналған. Екіншіден, әлем алдында тұрған негізгі сын-қатерлермен дағдарысты айқындауды мақсат етеді. Үшіншіден, осы сын-қатерлерге өзара ынтымақтастық рухында диалог арқылы қарсы тұруды көздейді. Төртіншіден, көпжақты қатынастардың ортақ мәдениетін жаңарту және қалпына келтіруге бағытталған. Бесіншіден, бейбітшілікті, прогресспен ынтымақты жақтайтын дауыстарды күшейтуге екпін береді. “Бұл форум өзара белсенді ынтымақтастыққа тікелей ықпал етеді. Әсіресе бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс кезеңінде бізге мұндай қарым-қатынастар өте қажет. Сын-қатерлерге төтеп беру маңызды. Осы ретте жаһандық жүйе бейбітшілік пен өркендеуді таңдаулылар үшін емес, көпшілік үшін қамтамасыз ете отырып жұмыс істеуге тиіс. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылған сәттен негізі қаланған әлемдік тәртіптің іргетасының бұзылу үдерісіне куә болдық. БҰҰ бүкіләдамзатты біріктіретін бірден-бір жаһандық әмбебап ұйым болып қала береді. Осы ретте Қауіпсіздік Кеңесінің жан-жақты реформаларынсыз бұл сын-қатерлерді шешу ісінде табысқа қол жеткізе алмаймыз. Кеңестегі “Орта держава” өкілдерінің пікірі мейлінше салмақты болуға тиіс. Жуырдағы “COVID-19”-дан бастап қарулы қақтығыстарға дейінгі “жаңа дағдарыстар” біздің нәзік халықаралық экожүйеге қауіп төндіреді. Бірақ бұл тұрақсыздықтың себебі тереңде жатыр. Сонымен қатар біз 30 жылдан кейін бұрынғы “блокларға” бөлінушілік ой-санасына қайта оралу жағдайына куә болып отырмыз. Жікке бөлінушілік күші тек геосаяси мәселемен шектеліп қалмайды, оның экономикалық астары да бар. Экономикалық саясат қару ретінде ашық қолданылууда. Бұл қарама-қайшылықтар санкциялар мен сауда соғыстарын, мақсатты борышкерлік саясатты, қаржыландыру көздерінен шектеуді немесе жоюды, сондай-ақ инвестицияны бақылауды қамтиды”, – деді Қ.Тоқаев.

Бұдан кейін Президент еркін сауда, жаһандық инвестиция, инновация және адал бәсекелестік секілді факторлардың

жиынтығы кейінгі кезеңде негізі қаланған әлемдік бейбітшілік пен дамудың іргетасын біртіндеп қирата бастағанына назар аударды. Бұл, өз кезегінде, әлеуметтік толқуға, мемлекеттердің іштей бөлінуіне және олардың араларының шиеленісуіне алып келеді. Теңсіздіктің өршуі, әлеуметтік бөлінушілік, мәдениет пен құндылықтардағы алшақтықтың артуы секілді үрдістердің бәрі экзистенциялық қауіпке айналды. “Теріс ақпараттардың кең таралуына байланысты бұл қатердің алдын алу қиындап бара жатқанын атап өтті. Ол бүгінде күшейіп, өте қауіпті бола түсті. Сонымен бірге жасанды интеллект бастап биотехнологияға дейін жаңа технологиялардың жаһандық салдары бар. Бірақ олар шектеулі ұлттық шеңберде ғана енгізіліп жатыр. Осы факторлардың барлығы жаһандық әлемдік тәртіпті үлкен шиеленіске итермелейді. Бұл өзара сенімсіздікті арттырып, белгілі халықаралық форумдардың, қолданыстағы жүйенің, қауіпсіздік режимінің және ядролық қаруды таратпау саласындағы механизмдердің қызметіне кері әсер етеді. Осылайша біз белгісіздік пен тұрақсыздықтың белең алуымен және дау-жанжалдармен бетпе-бет келеміз. Бұл, өз кезегінде, қорғанысқа, заманауи қару-жараққа жұмсалатын шығындарды арттыруға ықпал етеді және түптеп келгенде ешқандай кепілдік бермейді. Бұған өткен жарты ғасырда біз алғаш рет ядролық қаруды қолдану перспективасымен бетпе-бет келуіміз мысал болады. Мұның бәрі климаттың экзистенциальді өзгеру қаупіне қарсы жұмылу қажет болған сәтте туындап отыр. Геосаяси қысымдар бір-бірімізді алшақтатып жатқанда біз бірігуге, ықпалдасуға, ынтымақтасуға, өзара қол ұшын созуға деген анық императивпен бетпе-бет келеміз. Бұл жердегі негізгі идея – осы. Осындай сәтте Астана халықаралық форумы аталған үрдісті кері бұру үшін тағы бір мүмкіндік береді. Тек кездесу, кеңесу, сондай-ақ өзара адалдық таныту арқылы ғана халықаралық қоғамдастық біздің проблемаларымызға, шаруаларымыз бен үмітімізге қатысты мәселелерді шеше алады. Сонда ғана біз ортақ болашағымызды қалыптастыра аламыз, бәріміз үшін мейлінше тұрақты, әділ әрі өркендеген әлем құру жолына біртіндеп ораламыз”, – деді Қ.Тоқаев.

ӘДІЛЕТ ЖОЛЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ

Мемлекет басшысы Қазақстан бұрыннан Шығыс пен Батыстың, Солтүстік пен Оңтүстіктің арасындағы алтын көпір саналатынын атап өтті. Президенттің пайымдауына, көп жағдайда бұл форум ұлы Еуразия даласының мәдениетіне, тарихына сай келеді. Қазақ халқы осынау мұраны мақтан тұтатынын жеткізді. Дәл осы үздіксіз тауар, мәдени жетістіктеріміз бен идея алмасу арқылы Қазақстанның өзіндік ұлттық бірегейлігі және оның ерекше көпжақты ынтымақтастыққа негізделген бренді қалыптасқан. Геосаяси қиындықтарға қарамастан, Қазақстан Орталық Азияда да экономикалық локомотив қызметін атқарғанына тоқталды. “Біз шетелден кең көлемде инвестиция тартуды жалғастырамыз және Қазақстанда бизнес жүргізу үшін барынша жағдай жасаймыз. Сонымен қатар шетелдік серіктестерімізде де осындай жауапкершілік сезім болады деп үміттенеміз. Бұл – біздің саясатымыздың негізгі қағидаттары. Өз кезегінде бұл еліміздің экономикалық дамуында маңызды рөл атқаратын шағын және орта кәсіпорындар үшін тең құқық пен мүмкіндікті қамтамасыз етеді. Былтыр Қазақстан экспорты 40 пайызға артты. Дегенмен біздің ішкі жалпы өнімнің едәуір бөлігі бұрынғыша энергетикалық секторға тиесілі. Сондай-ақ экономиканы әртараптандыруға деген ұмтылысымыз артып келеді. Автомобиль құрастыру, фармацевтика, металл өңдеу және машина жасау сияқты бірқатар салада өсім бар екенін байқап отырмыз. Біз іскерлік және экономикалық серіктестік үшін жаңа мүмкіндіктер іздегендердің бәрін шақырамыз. Мысалы, Қытайды Еуропалық Одақпен байланыстыратын орта дәліз немесе Транскаспий халықаралық көлік бағыты сауда мен инвестиция үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Бұл бағыт тауарды Үнді мұхиты арқылы тасымалдау мерзімін екі есе қысқартады. Сонымен қатар экономикалық дамуға және өңіршілік бірігуге ықпал ететін “Бір белдеу – бір жол” бастамасында Қазақстан басты рөл атқаратынын атап өткім келеді. Біз мемлекеттер мен адамдар арасындағы физикалық байланысты нығайтуға, сондай-ақ серіктес әрі дос ретінде қоғамдастықтар арасындағы байланысты күшейтуге тырысамыз. Осы факторлардың барлығын ескере отырып, бүгінде Қазақстан жаһандық, ең бастысы, шын мәнінде, сенімді сауда-экономикалық серіктес екенін айта аламыз”, – деді Қ.Тоқаев.

СУ РЕСУРСТАРЫН ТИМДІ ПАЙДАЛАНУ ӨЗЕКТІ

Форумда Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров Қырғызстан жасыл, экологиялық таза, бейтарап экономика қағидаттарын нығайтуға үлесін қосуға дайын екенін жеткізді. “Келісілген саясат және осы бағыттағы іс-қимылдарымызды үйлестіру өңірдің жалпы тұрақтылығына әкеледі”, – деп атап өтті Қырғызстан басшысы.

(Жалғасы 2-бетте).

Астана халықаралық форумы: СЫН-ҚАТЕРЛЕРДІ ЕҢСЕРУ КЕЗЕҢІ

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Садыр Жапаров жұмыс істеп тұрған халықаралық жүйенің негізі ретінде ынтымақтастыққа басымдық бере отырып, қазіргі заманғы сын-қатерлерді үнемі назарда ұстап отыру керектігін айтты. “Әртүрлі аймақтық форматтар сұранысқа ие бола бастады, олар арқылы біздің елдер әлеммен сөйлесе алады. Сондықтан Астана халықаралық форумы сияқты зияткерлік, сараптамалық, стратегиялық алаңдар бүгінде ерекше мәнге ие болып отыр. Біздің көз алдымызда жаңа әлемдік тәртіпті қалыптастыру үдерісі егеменді мемлекеттерге және бүкіл әлемдік қоғамдастыққа қауіп-қатер мен қауіпсіздік сын-қатерлерінің өсуімен қатар жүреді. Сіздердің назарларыңызды Қырғызстанға ғана емес, бүкіл әлем алдында тұрған кейбір мәселелерге аударғым келеді”, – деді С.Жапаров.

Біріншіден, Қырғызстан Президенті климаттың өзгеруін және биоәртүрліліктің сақталуын сөз етті. Әлем жаһандану дәуірінде өмір сүреді. Мемлекеттер мен халықтар арасындағы байланыстар бұрынғыдан да тығыз. Цифрландыру дәуірі біздің алдымыздағы көрнекті ғалымдар мен ойшылдар да армандай алмайтын керемет мүмкіндіктер ашады. Өкінішке қарай, климаттың өзгеруінің теріс салдары – біздің өңірде мұздықтардың еруі, әртүрлі табиғи апаттың көбеюі түрінде айқын көрінетіні, бұл әлеуметтік-экономикалық даму мен азық-түлік қауіпсіздігіне үлкен қауіп.

Осы орайда Садыр Жапаров “жасыл” экономикаға көшу, климаттың өзгеруіне бейімделу, су және табиғи ресурстарды орнықты пайдалану өмірлік қажеттіліктен туындағанын атап өтті.

Екіншіден, су және су ресурстары туралы айта отырып, Садыр Жапаров Қырғызстанда су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесіне, сондай-ақ әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін су ресурстарына интеграцияланған басқару қағида-тәртібін енгізуге мән берілетінін айтты.

“Біз заңнаманы, оның ішінде Қырғыз Республикасының Су кодексін жаңарту үдерісін бастадық. 2023 жылдың ақпанында республиканың 2040 жылға дейінгі ұлттық су стратегиясы қабылданды, ол Қырғызстан өзіне сулардың мемлекеттік есебін және экологиялық жағдайды жақсарту, қауіпсіз және сапалы сумен жабдықтау, су бұруды және санитарияны қамтамасыз ету, су жөніндегі бірыңғай ақпараттық жүйені цифрлық трансформациялау, су ресурстарын басқарудың ұтымды экономикалық тетіктерін құруды көздейді. Көршілес елдерде пайдаланатын су ресурстарын қалыптастыру аймағында орналасуы біздің бүкіл аймақ алдындағы жоғары жауапкершілігімізді негіздейтін ерекше атап өткім келеді. Қырғызстан осы саладағы ынтымақтастықты өңірдің барлық елінің мүдделеріне сай келетін әділ және тең құқықты негізде жүзеге асырады”, – деп атап өтті С.Жапаров.

Үшіншіден, Қырғыз басшысы энергетикаға қатысты мәселені көтеріп, бүгінде әлем өзінің дамуындағы қиын кезеңді бастан кешіп жатқанын атап өтті. Энергия тапшылығы мен жоғары бағаны ескере отырып, жаңартылатын энергия көздерінің барған сайын маңызы арта түсті. Қазіргі уақытта Қырғызстан шағын және орта гидроэлектростанцияларды салу және пайдалану жобаларын іс жүзінде іске асыру мүмкін болатын су объектілерін іріктеу бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр.

Төртіншіден, Садыр Жапаров экономиканың дамуына тоқталды. “Бүгінгі таңда әлемдік сауда нарығында фрагментация белгілері әлі байқалмайды, бірақ геосаяси шиеленіс өскен сайын протекционизм күшейе түседі деп санайтын сарапшылар көбейіп келеді. Орталық Азия елдері үшін бұл өте ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Әлбетте, егер аймақ елдері әлемдік нарықтан шеттетілсе, бұл экспорт көлемінің төмендеуіне және сауда балансының нашарлауына әкелері хақ. Бұдан инвестициялар қысқарып, жұмыссыздық өседі. Егер геэкономикалық фрагментация тенденциясы өссе, онда аймақтағы саяси тұрақсыздық, экстремизм күшейіп, экологиялық жағдай да нашарлауы мүмкін. Сондықтан барлығымызға өңірлік кооперацияны күшейту, ынтымақтастықтың жаңа тиімді форматтарын іздеу және бір мезгілде екіжақты форматтарда ғана емес, жалпы өңір ретінде де әртүрлі әлемдік платформа мен белсенді өзара іс-қимыл жасау қажет. Қырғызстан жаһандық сын-қатерлердің маңыздылығын түсінеді және оларды шешуге өз үлесін қосуға дайын. Біз бұл сын-қатерлер барлық мемлекет пен халықаралық қоғамдастықтың ынтымақтастығы мен күш-жігерін үйлестіруді талап ететінін мойындаймыз. Жоғарыда аталған сын-қатерлерді еңсеру қажеттігін назарға ала отырып, климаттық және энергетикалық жобаларды іске асыру үлкен инвестициялар мен қаржыландыруды қажет етеді”, – деді Қырғызстан басшысы.

“Әр сапар бірінші қадамнан басталады. Әркімнің өз көзқарасы бар. Біз ортақ мүдделерді анықтап, инвестиция мәселесін шешкеніміз жөн. Қалыптасқан сенімге сүйене отырып, инклюзивті және тұрақты дамуды кезең-кезеңімен еңсере аламыз. Бұл үшін күш біріктіруге тиіспіз. Ортақ құралдарымызға жетуге қажетті сенімді нығайту үшін жедел әрекетке көшіп, ортақ мәмілеге назар аударуымыз керек. Сонда ғана инклюзивті, тұрақты және қауіпсіз аймаққа қол жеткіземіз. Бұл форум ортақ қиындықтарды жеңуге керек сенімді нығайтуға мүмкіндік беретініне сенімдімін”, – деді Армида Салсиа Алисджабана.

(“Egemen Qazaqstan”, 9 маусым 2023 жыл).

АБАЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ОРМАН ӨРТІНІҢ НЕДЕН ШЫҚҚАНЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Өрт 30 мың гектарға жуық аумақты қамтыды. Абай облысының Бородулиха ауданындағы өртті сөндіру ауа райының қолайсыздығына байланысты қиындап кетті. Облыс әкімінің орынбасары Дмитрий Гариков атап өткендей, географиялық жағдай да өте қиын, себебі жер бетіндегі ауыр техника құм төбелерінен әрең өтеді, деп хабарлайды Inbusiness.kz өңір әкімдігіне сілтеме жасап. Сондай-ақ, Дмитрий Гариков алғашқы өртті сөндіруге техника жеткенше өрт аумағы шамамен 20 гектарды құрағанын айтты.

- 8 маусым күні сағат 12:03-те Семей қаласынан 25 шақырымдай қашықтықтағы Батпаев орман шаруашылығының 66 кварталында өрт шыққаны туралы хабар түсті. Өрт найзағайдың 2 рет соғуынан шыққан. Өртті тез арада ауыздықтау мүмкін болмады, оған себеп «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты техникасы биік құм төбелері орналасқан аймаққа жете алмады. Өрт орман шаруашылығы орналасқан жерден қашықтығы 11 шақырымды алса, техника жеткенше өрт аумағы 20 гектарды құрады. Жоғары температура мен қатты желдің салдарынан өрт екі сағаттың ішінде 200 гектар аумақты шарпыды, - деді Дмитрий Гариков. Орман өрті Успен, Поднебесное, Барышевқа ауылдарына қауіп төндіретіндіктен, тұрғындар жедел түрде эвакуацияланды барлығы 316 адам эвакуацияланды. Қоғамдық тәртіп пен тұрғындардың мүлкін қорғау үшін оқиға орнында аудандық ішкі істері бөлімі қызметкерлерінің кезекшілігі ұйымдастырылды. Қазіргі уақытта Бородулиха тұрғындарына қауіп төніп тұрған жоқ.

- Өрт 30 мың гектарға жуық аумақты қамтыды. Өрт салдарынан Батпаев, Камышен және Успен орман шаруашылықтары зардап шекті. Түнде эвакуация Успен, Грушовка және Поднебесное ауылдарында жүргізілді. Елді мекендер аумағындағы тұрғын үйлердің саны 200-ге жуық. Барышовқа ауылында бір тұрғын емес және 2 тұрғын үй өрттен зардап шекті, деп қосты облыс әкімінің орынбасары.

Бүгінде өрт орнында 600-ден астам адам, 168



техника, 6 тікұшақ жұмыс істеп жатыр. Көлемі 154 тонна болатын 55-тен астам су шашылды. Батпаев, Камышен және Успен орман шаруашылықтарының «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты аумағындағы өрт одан әрі жайылып жатыр. Қазіргі уақытта 3 өрт ошағы қалды: батыс бөлігінде (Камышен орман шаруашылығы Камышенқа ауылы маңында), сондай-ақ Каштак бағытында және жедел штаб орналасқан Успен ауылында өрт өршіді. Өрттің таралуына жол бермеу үшін қызметкерлер орман аумағын күзетіп жүр. Қазіргі уақытта ауа температурасы шамамен 30 градусты құрайды, бұл өртті сөндіруді айтарлықтай қиындатады, жел бағытының өзгеруі және өрттің жайылып, таралуы барлық бағытта жұмысты қиындатып отыр. Апат орнында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің вице-министрі Марат Күлдіков, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өртке қарсы қызмет комитетінің төрағасы Нұрболат Дербісов, Абай облысы әкімі Нұрлан Ұранхаев және басқа да барлық жауапты қызметкерлер болды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тұрғындарды азаматтарға төмендегі мемлекеттік қызметтердің көрсетілгені жайында ақпараттандырады:

1) «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу», өтініштерді қабылдау «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ және «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

2) «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау», өтініштерді қабылдау кенттің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімі, халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы жүзеге асырылады;

3) «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау», өтініштерді қабылдау жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, кент, ауылдар, ауылдық округтердің әкімдері, «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

4) «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен адамдарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәліктер беру», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация және жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы жүзеге асырылады;

5) «Ақталған адамға куәлік беру», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады;

6) «Мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

7) «Мүгедектерді техникалық көмекші құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеуі, өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

8) «Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерді жеке көмекшінің қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

9) «Мүгедектерді есту кемістігі бар мүгедектерге арналған ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу – жылына алпыс сағат», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың

абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

10) «Мүгедектерді арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

11) «Мүгедектерді және мүгедек балаларды санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

12) «Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

13) «Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттар ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

14) Өтініш берушінің атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпаратты ұсыну «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

15) «Тұрғын үй көмегін тағайындау», өтініштерді қабылдау «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы», «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

16) «Еңбекші көшіп келушілерге рұқсат қағаз беру және оны ұзарту» «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы», «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қосымша кеңесті төмендегі мекен-жай және телефондары бойынша «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде алуға болады: Қазақстан Конституциясы көшесі, 203, телефон: 7-09-47, 2-16-73, сондай-ақ, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы мәліметтер «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сайтында орналастырылған: www.ozsp-tsh.sqo.gov.kz

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Қызметкердің жалақысын ұстап қалу жағдайлары

Қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес қызметкердің жалақысын ұстап қалу сот шешімі бойынша, сондай – ақ Қазақстан Республикасының заңдарында және ҚР Еңбек кодексінде (бұдан әрі – ҚР ЕК) көзделген жағдайларда жүргізіледі.

Қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесін әзірлеу кезінде жұмыс берушілер, ең алдымен, ҚР ЕК нормаларын басшылыққа алуы тиіс, оған сәйкес жұмыс берушілер қызметкерлердің еңбекақы төлеу саласындағы мемлекеттік кепілдіктерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті, олар ҚР ЕК 102-бабына сәйкес қызметкердің жалақысынан ұстап қалу мөлшерін шектеуді қамтиды.

Жұмыс беруші әрбір қызметкерге жалақы беру кезінде тапсыруға міндетті жазбаша хабарламада оған тиесілі жалақының құрамдас бөліктері, жүргізілген ұстап қалулардың сомалары мен негіздері, алуға тиесілі соманың мөлшері туралы мәліметтер болуы тиіс. Хабарлама (есеп айырысу парағының) нысанын жұмыс беруші бекітеді.

Қызметкердің жалақысынан ұстап қалу ҚР ЕК және ҚР өзге де заңдарында көзделген жағдайларда ғана жүргізіледі.

ҚР ЕК-нің 115-бабына сәйкес қызметкердің жалақысынан ұстап қалу шарттарының бірі сот шешімі болып табылады.

Сот шешімін орындау тәртібі (оның ішінде қызметкердің жалақысынан ұстап қалуды көздейтін) ҚР АЖК 241-бабында белгіленген. Соттың шешімі заңда белгіленген тәртіппен ол заңды күшіне енгеннен кейін орындалады.

Сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін атқару парағы жазылады, ол өндіріп алушыға беріледі не оның жазбаша өтініші бойынша сот орындау үшін аумақтылығы бойынша атқарушылық іс жүргізудің тиісті органына жібереді.

Борышкердің жалақысына және табысының өзге де түрлеріне өндіріп алу қолданылған кезде сот орындаушысы осы Заңның талаптарын ескере отырып, қаулы шығарады, онда берілген сомалар толық өндіріп алынғанға дейін ай сайын қандай мөлшерде ұстап қалу жүргізілетінін көрсетеді және аумақтық бөлімнің не жеке сот орындаушысының мөрімен расталған атқарушылық құжаттың көшірмесімен бірге орындау үшін берілген соманы толық өндіріп алғанға дейін борышкер еңбек қатынастарынан тұрады немесе сыйақы алады.

Ұстап қалу мөлшері борышкердің алуға тиесілі жалақысы (табысы) сомасынан есептеледі.

Қызметкердің жалақысынан ұстап қалу тек соттың шешімі бойынша ғана емес, сонымен қатар жұмыс берушінің актісі негізінде қызметкерге жазбаша хабарлай отырып жүргізілуі мүмкін. Жұмыс берушінің актісі жалақыдан ұстап қалуға бұйрық немесе өкім болуы мүмкін:

1) қызметтік іссапарға байланысты беріліп, жұмсалмаған және уақытылы қайтарылмаған соманы өтеу үшін, сондай-ақ іссапарға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда;

2) еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайларда жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы оқыту шартына сәйкес жұмыс берушінің қызметкерді оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу үшін. Шартқа сәйкес қайтару сомасы жұмыстың аяқталмаған мерзіміне барабар тең болуы тиіс;

3) қызметкерге жалақы есебіне берілген жұмыс істемеген авансты өтеу үшін;

4) ақылы еңбек демалысы ауыстырылған немесе қызметкер жыл сайынғы ақылы еңбек демалысынан кері қайтарып алынған жағдайларда. Егер қызметкерді жыл сайынғы ақылы еңбек демалысынан кері қайтарып алу кезінде қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы келісім бойынша демалыстың пайдаланылмаған бөлігін басқа уақытта берудің орнына қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған бөлігінің күндері үшін өтемақы төлемі жүргізіледі; жалақыдан ұстап қалмайды;

5) өзге жағдайларда қызметкердің жазбаша келісімі болған кезде (мысалы, басқа жұмысқа басқа жерге ауыстыруға байланысты берілген жұмсалмаған және уақтылы қайтарылмаған авансты өтеу үшін; арифметикалық әрекеттерде (есептеуге байланысты іс-қимылдарда) жіберілген қателіктер салдарынан қызметкерге артық төленген сомаларды қайтару үшін; арифметикалық іс-әрекеттерде (есептеуге байланысты іс-қимылдарда) жіберілген қателіктер салдарынан қызметкерге артық төленген сомаларды жұмыс істемеген демалыс күндері; жұмысшыны жыл сайынғы ақылы демалыс алған жұмыс жылы аяқталғанға дейін жұмыстан босату кезінде жұмыс істемеген демалыс күндері үшін және т. б.).

Бірнеше атқару парағы бойынша жалақыдан ұстап қалу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында және ҚР Еңбек кодексінде көзделген жағдайларда ай сайынғы ұстап қалу мөлшері қызметкерге тиесілі жалақының елу пайызынан аспауы тиіс.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» КММ

ЗАҢ ҚАШАНДА ӘДІЛДІКТІ ЖАҚТАЙДЫ

Аудан прокуратурасы аудан кәсіпкерлеріне қатысты мемлекеттік кірістер органдары заңсыз шығарған салық бұйрықтарының күшін жою жолымен бизнес субъектілерінің құқықтарын қорғады.

Мәселен, заңдылықты бұзушылықтарды жою туралы аудан прокуратурасымен еңгізілген ұсынытын негізінде бизнес субъектілеріне қатысты шығарылған 2 салық бұйрығы бұзылды және атқарушылық іс жүргізу материалдары тоқтатылып банк шоттарына тыйым салу түріндегі шектеу бір мезгілде алынып тасталып, ҚР шегінен тыс жерлерге шығу сондай-ақ нотариаттық іс-әрекеттер жасау құқығы қалпына келтірілді.

Бұдан бөлек, аудан прокуратурасы уәкілетті органның атына әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулылардың күшін жоюға 28 наразылық келтірді, онда мемлекеттік кірістер органдары 2 айлық ескіру мерзімі өткеннен кейін аудан кәсіпкерлерін заңсыз жауапқа тартқан.

Баяндалғанды хабарлай отырып отыра аудан прокуратурасы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі Мобильді топтың жұмыс істейтінін еске салады.

Заңды құқықтар бұзылған жағдайда, бизнес субъектілері мобильді топқа келесі байланыстар арқылы жүгіне алады:



Тайынша ауданының прокуратурасы 8 (71536) 2-19-23, 8775-338-8050, 8747-340-8027. Кәсіпкерлік бөлім 8 (71541) 2-12-71, 8747-306-3494.

Ауданның кәсіпкерлік Палатасы филиалының өкілі 8778-363-8080.

Тайынша ауданының Прокуратурасы.

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІ ТАРАТУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Солтүстік қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің қолданысқа енгізілетінін хабарлайды, осыған байланысты Еңбек мобильділігі орталықтарын құру қарастырылған. Жұмыс істеп тұрған Жұмыспен қамту орталықтары Еңбек мобильділігі орталықтарының филиалдары болып табылатын Мансап орталықтарына қайта құрылуда. Осыған байланысты Мансап орталықтары түріндегі филиалдары бар Еңбек мобильділігі орталығын құру мақсатында Жұмыспен қамту орталығын тарату рәсімі басталды. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға және қаржыландыруға арналған шарттарды, әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға және қаржыландыруға арналған шарттарды, жастар

тәжірибесін ұйымдастыруға және қаржыландыруға арналған шарттарды, кәсіптік оқытуды ұйымдастыру, кәсіптік оқытуға әлеуметтік келісімшарттар, сондай-ақ жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға гранттық келісім-шарттар бұзылуы туралы хабарлайды. Сонымен қатар, бұзылған келісім-шарттар құрылған Еңбек мобильділігі орталығымен қайта келісілетінін хабарлаймыз, ол кейінірек хабарланатын болады. «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі БСН 110640021125 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзімінде мына мекенжайда қабылданады: СҚО Тайынша ауданы Тайынша қаласы Қазақстан Конституциясы көшесі 203, тел: 8 (715-36) 23-7-25.

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы».

2023 ЖЫЛҒЫ ҚАЙТАРЫМСЫЗ ТӨЛЕМ

Салық – бұл мекемеден немесе жеке тұлғадан оларға меншік құқығы бойынша тиесілі заттарға мемлекет пен муниципалды ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ету мақсатында алынатын міндетті, жеке қайтарымсыз төлем.

Салық төлемдері мен жалпы осы мекемеге қатысты барлық сұрақтарға Тайынша ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Сағатов Жаслан Меңдібайұлы жауап берді:

-2023 жылы салықты қай күнге дейін төлеу керек?

-Жеке тұлғалар 2022 жылдың көлік салығын 2023 жылдың 1 сәуіріне дейін, ал 2022 жылғы мүлік салығын 2023 жылдың 1 қазанына дейін төлеу керек.

-Салық төлемеген жағдайда қандай шаралар қолданылады?

-Төленбеген салық сомасына өсімпұл есептеледі, салық пен өсімпұл төленбеген жағдайда келесі шаралар қолданылады: мүлікті тізімдейміз, мүлікті басқаруға шектеу қоямыз, салық төлеушінің банк есепшоттарына, оның дебиторларына (егер бар болса) инкассалық өкім шығарамыз.

-Салық төлеп үлгермегендерге не істесе болады? Берешектің бар немесе жоқ екендігі туралы ақпаратты қайдан алуға болады?

- Ақпаратты біздің e-Salyq Business және e-Salyq Azamat интернет платформаларынан алуға болады. Бұл мобильді қосымшада салық төлеуші өзінің ЖСН немесе егер заңды тұлға болса, БСН енгізеді және қажетті ақпаратты алады. Сондай-ақ алдын ала маманның телефон нөмірі арқылы хабарлап, бізге келуге болады.

- Салық органы берешектің болғаны туралы салық төлеушіге өзі ескерте ала ма?

- Ия, берешек пайда болғаннан кейін біз салық төлеушілерге қоңырау шала аламыз, одан басқа, жеке тұлғаларға хабарламалар Kaspi Bank сияқты банк қосымшаларына келеді.

-Салықты қалай төлеуге болады?
- Төлемді e-Salyq Business және e-Salyq Azamat мобильді платформалары арқылы, сондай-ақ Kaspi Bank, Halyk Bank банк қосымшалары арқылы жасауға болады.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті келесіні хабарлайды. Салық төлемдерін аудару бойынша алдағы өзгерістерге байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті салық төлеушінің БСН/ЖСН және төлемді тағайындау кодын (ТТК) өзгерту мүмкіндігін болдырмау үшін ақпараттық жүйеге пысықтаулар енгізеді. Осыған байланысты, салық төлеушілердің дербес шоттарына төлемдерді дұрыс таратпау мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31.08. № 208 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын

жүзеге асыру қағидаларын салық төлеушілердің төлем құжаттарында БСН/ЖСН көрсетуінің дұрыстығы бөлігінде сақтау қажет, оның ішінде төлемді тағайындауда.

Заңды тұлғаның бюджетке төленетін төлемдерді, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды, өзінің жеке бөлімшесі үшін әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеуі кезінде осы Қағидаларға сәйкес «төлем мақсаты» бағанында мынадай ретпен көрсетіледі БСН және міндеттемелері бойынша төлем жүзеге асырылатын заңды тұлғаның оқшауланған бөлімшесінің атауы, төлемнің мақсаты. Көлік құралына салық төлеген кезде (оның ішінде электрондық терминалдар арқылы) «төлем мақсаты» бағанында мынадай ретпен «VIN», көлік құралының сәйкестендіру нөмірі, «/V» таңбалары, төлем мақсаты көрсетіледі.

Сот орындаушысы борышкердің міндеттемелері бойынша бюджетке төлемдерді атқарушылық іс жүргізу шеңберінде төлеген кезде «төлем мақсаты» деген бағанда төлем жүзеге асырылатын борышкердің ЖСН, оның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) не төлемнің тегі мен аты-жөні, мақсаты мынадай ретпен көрсетіледі. Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша айыппұлдарды төлеу кезінде «төлем мақсаты» бағанында мынадай ретпен «ADM», әкімшілік материалдың сәйкестендіру нөмірі, «/A» таңбалары, төлем мақсаты көрсетіледі.

«Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шот» ақпараттық жүйесінде салық төлеушінің (салық бұйрықтарын орындау шеңберінде жеке тұлғаның салық берешегінің сомасын аударатын жеке сот орындаушысының, құрылымдық бөлімшеге аударатын бас ұйымның, банк шотынан борышкердің, Мемлекеттік корпорацияның салық берешегі өндіріп алынған дебитордың) БСН/ЖСН-ін өзгерту жаңартылғаннан кейін Сіздің назарыңызды аударамыз «Зейнетақылардан, жәрдемақылардан, салық төлеушілерден (салық агенттерінен) салықтарды ұстайтын» азаматтарға арналған үкімет», өз қызметкерлерінің жалақысынан салықты ұстайтын және аударатын және т.б.) қолжетімсіз болады, яғни мемлекеттік кірістер органының қызметкері үшін төлемді түзету мүмкіндігі болмайды. Бул ретте төлем тапсырмасының «төлем мақсаты» жолында көрсетілген салық төлеушінің БСН/ЖСН бойынша дербес шоттарға төлемдерді автоматты түрде тарату осы жолақта бір БСН/ЖСН көрсетілген кезде өзгеріссіз жүзеге асырылатын болады. «Төлем мақсаты» жолында бірнеше салық төлеушілердің БСН/ЖСН көрсетілген кезде тарату «ақша жөнелтуші» бойынша жүргізіледі.

Тайынша ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы бойынша мақаланы дайындаған:

Мадина АБДИКАРИМОВА, ml.iwi.



ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС, ҮЙРЕТУДЕН БАЛАҒА...

Ұстаздық-өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық.

Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді. Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалады. Жалпы білім беру жүйесі мамандардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті қажет етеді. Өйткені қазіргі жас буын - еліміздің келер күнгі келбеті. Мектептегі ұстаз - баланың екінші ата-анасы, болашаққа айқын жол сілтер ақылшысы. Оның мейірімге толы жүрегі шәкірт бойындағы талай ағаттықты да кешіре біледі. Оның бойындағы білім мен ақыл, ойының қуаты талай тентекті жасайтып, небір еркені сабасына түсіреді, тәртіпке баулып, есейтіп, ержеткізеді. Сондықтан әрбір шәкірт өзіне үлгі-өнеге болған сүйікті мұғалім ұстазын деп атайды. Осы тұста Абайдың: Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға,- деген өлең жолдары еріксіз ойға оралады. Егер әр шәкірт өмірде бір кірпіш болып қаланып, ұстаздан шәкірт озып жатса, төккен тер мен адал еңбектің ақталғаны емес пе?! Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет десек, дәл сондай ұстаздар біздің ұжымда да бар. Ұлағатты ұстаздарымыздың бірі, өз ісінің білікті маманы, ұстаздық жолда өзін білімді де білікті маман екенін әлденеше рет өзінің еңбек жолында дәлелдеп те бере білген әріптесіміз - Гүлнара Хасенқызы Габдуллина. Ұстаздықты өзіне өмірлік серік еткен ардақты ұстаз, отбасында аяулы ана, ауыл мектебінің басшысы, жанашыры десек артық емес. Сонау 1996 жылдан бері Қарағаш орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Маусым айының 20 жұлдызы ұлағатты ұстаз 50 жасқа толады.

Құрметті Гүлнара Хасенқызы! Сізді мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс-береке байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын тілейміз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын.Туған күніңіз құтты, өміріңіз нұрлы болсын!

Қарағаш орта мектебінің ұжымы.

СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

Адамзат та, табиғат та сусыз өмір сүре алмайтындығы ақиқат, шындық. Адамның денсаулығы, қоршаған ортаның берекесі тікелей таза суға байланысты екендігі тағы бар. Осы ретте ауыз суды үнемді пайдалану – бұл бүкіл әлемге ортақ мәселе екенін айта кеткенді жөн көріп отырмыз.

Құрметті Тайынша қаласының тұрғындары!

Халықтың ауыз суға деген сұранысы ұлғайған сайын барша адамды сумен қамту жұмысы күрделене түсуде. Оған қоса жаз мезгіліне байланысты аудан тұрғындарының ауыз суға деген қажеттілігі өсіп келеді. Мәселен, судың көп бөлігі бау-бақшаны, ағаштарды суару үшін жұмсалып отыр. Осы ретте тұрғындарға айтармыз, «су қолжетімді» деп тіршілік көзін қалай болса солай пайдалануға болмайды. Жазғы 2-3 ай уақыт ішінде ауыз суды барынша үнемдеп, түсіністікпен қарайық! Ысырапшылдыққа жол бермейік, құрметті қала тұрғындары! Су бүгінгі таңда ешнәрсемен алмастырылмайтын жалғыз табиғи ресурс екенін есте ұстайық, достар!



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

БАТА – ТАЛАЙДЫҢ БАҒЫН АШҚАН

Ұлтымыздың салт-санасы, әдет-ғұрпы, үлгі-өнегесі өлшеусіз. Оны ешнәрсеге теңгере алмайсың. Даласындай кең, данасындай терең мағыналы. Соның бәрін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырған халқымыздың жады қандай мықты еді. Бір замандардағы тұнығы лайланбаған тазалығынан шығар, бүкіл тарихын сол жадына жаңылмай жазып, дәстүрлі түрде сақтап, қалыбын бұзбай бүгінгі күнге жеткізгеніне еріксіз таңданасың.

Осыны данышпан Абай атамыз қалай тап басып, танып айтқан десеңізші. «Алдыңғы толқын – ағалар, Кейінгі толқын – інілер, Кезегімен өлінер,

Баяғыдай көрінер» дейді ұлы Хакім. Қалыбын бұзбау дегенімізді осы төрт жолдан аңғару қиын болмаса керек. Алдыңғы толқынның кететінін, кейінгі толқын олардың үлгісінің әрін кетірмей, бояуын оңдырмай артындағыға жалғайтынын, соның арқасында кезекпенен өлінгенмен, салт-сана баяғыдай сақталып отыратынын ақын тайға таңба басқандай айтқан. Сол үлгінің бірі – бабалар батасы еді.

«Батамен – ел көгереді, жаңбырмен – жер көгереді», «Баталы құл – арымас, батасыз құл – жарымас» дейді.

Қазақтың батасы бейпіл айтылмаған. Мергеннің оғындай көздеген жеріне дарыған. Бата – талайдың бағын ашқан, талайдың құтын қашырған. Талайды сөзден жаңылтып, талайды елге танытқан, кейбіреулерді жұртқа қалдырған. Қазақ батаны киелі санайды, селкеусіз сенеді, қадір тұтады. Бата кісілікке, имандылыққа, мейірімге, жақсы сөзге, ынтымаққа ұйытып отырады. Батаны жұртымыз қасиетті қариядан, абыз ағадан, өнегесі мол үлкеннен күткен. Әр батаның жөн-жоралғысын жазбай таныған. Батаның түрі де мол. Ұл-қыздың өркендеп өсуі, шілдехана, тұсауқесер, тіпті, атбайлар ұлға, от жағар қызға беретін бата да сананалы. Сол секілді ас қайтырғанда, дастарқан иесіне риза болғанда, той-жиында, Наурызда, Рамазанда жарапазан айтқан жастарға беретін бата да аз емес. Бата беру жағынан келгенде ұлт жақсылары іркілмеген. Әркез ірілік танытып, кісілік қасиетін көрсетіп отырған.

Осы тұста бір қария айтқан ақиқат сөз ойға оралады. Қазақ жаз жайлауға шыққанда сауық-сайрансыз, той-жиынсыз отырған ба?! Сондай бір тойда көкпар тартылыпты. Ала-құйын шабысқан қарулы да қабырғалы бір ақсақал төтесінен килігіп, сереңдеген серкені жұлып алып топты жарып қазақтың қараша үйіне қарай оқтай атылып барып, ашық тұрған есіктен ішке көкпарды лақтырып жіберіп, баласы турмай жүрген қамкөңіл анаға ағыл тегіл бата беріп, «Көптің қолы тиген бұл көкпарға, Құдай иген бір жақсылық болар» депті. Кейін сол қараша үйден телқоңырдай екі жігіт өсіп шығыпты.

Несін жасырамыз, осы күні сол қасиетті батаның кей кезде қадірін кетіріп алып жүргеніміз ақиқат. Бата бер десе, батаның «бағын» байлап ұзынынан қайырып сөз сөйлейміз. Кейде ақсақалды қария келістіріп тұрып бата берсе, асаба қарымтасы деп ол оған бата беретін жайы да кездеседі. Қасында ата-анасы отырса да жаттаған батасын беретін балалар көрініп қалып жүр. Бұл да заманның бір үрдісі болар. Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романында Дулат ақынның жас Абайға, «Шырағым ер жетерсің, Ер жетсең, сірә, нетерсің. Алысқа шырқап кетерсің, Шыдасаң, шыңға жетерсің», - деген батасы ұлы ақынның бүкіл саналы ғұмырына жолашар болғаны ақиқат.

Ұрпағын әспеттеген халқымыз сол ұрпағына мейірін төккенде

«Бәйтеректей бүрлі бол, Атқан таңдай нұрлы бол.

Толған айдай ажарлы бол, Қызығы мол базарлы бол.

Ағайынға аялы бол, Айналаңа саялы бол. Ата-анаң мейірлі бол, Ел-жұртыңа пейілді бол. Ақ отауың басқа толсын, Қара қазаның асқа толсын» десе, тағы бірде: «Арың болсын жолдасың. Ел бастасаң батыр бол.

Ата әруағы қолдасын, Судай тасып дәулетің, Еш жамандық болмасын» дейді.

Міне, ұлт батасы осылай жалғаса береді. Бабалар батасының бағын ашар кез келді. Ол үшін әлемдік өркениеттің жақсысын ғана ала отырып, өзіміздің еш асылға теңгермейтін құндылығымыздың құнын білсек, қане?! Бірақ алдыңғы ұрпақ өз заманының «жемісі» дейміз. Кейінгі толқынның өкілдері ұлтының құндылығын танып білмесе, алдыңғы үлгіні жалғамаса, бір замандары жұтылып кететін өзгенің қызылына қызыға беру кейде ойлантай қоймайды. Бата - Ұлтты сақтайтын, салт-дәстүрімізді дәріптейтін рухани құндылық.

«Қожағұл Махмет қажы» мешітінің имамы
Арман Егінбайұлы Бекмағамбетов.

БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАЙМЫЗ

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Краснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ азаматтық қызметкер лауазымының бос орнына конкурс жариялайды «мәдени ұйымдастырушы» (1 бірлік). Азаматтық қызметкер санаты С-3. Жалақысы қызмет атқарған жылдарына байланысты.

Лауазымдық міндеттері:

Ойын-сауық, тұрғындардың ойындық қатынасы мен демалысының ұжымдық түрлерін ұйымдастырады; сценарийлерді, тақырыптық бағдарламаларды, ұжымдық демалыстың ойын түрлерін, көркемдік безендіру, әуенмен әрлеу және техникалық жабдықтау жұмыстарын жасауға қатысады;

концерттерді дайындау үшін сценарийлік жоспарлар жасайды, көркемдік және музыкалық жетекшілерді, хореографтарды, концертмейстерлерді, шығармашылық ұжымдарды, жеке әншілерді шақырады;

эскиздер мен реквизит заттарын жасайды; концерттік бағдарламалардың фонограммасын дайындайды;

шығын сметасын дайындайды және ұйым басшылығына бекітуге ұсынады.

Конкурстың қатысушыларына жалпы талаптар:

ҚР Конституцияны, Еңбек кодексінің РК, Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы», клуб жұмысының ұйымдастырылуын, мәдени-демалыс жұмыстарының мәселелері бойынша басқарушы материалдарын, мәдени ұйымдардың озық жұмыс тәжірибелерін.

Біліктілікке қойылатын талап:

Кадрларды даярлау бағыттарының бірі бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: «педагогикалық ғылымдар» (жалпы дамыту, гуманитарлық пәндер, тіл және әдебиет пәндері бойынша мамандығы бар мұғалімдерді даярлау) немесе «өнер және гуманитарлық ғылымдар» немесе «әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат», жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптарды ұсынбай. «Өнер» немесе «білім беру» мамандықтары топтары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіптік) білім, жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптарды ұсынбай. Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №1017 бұйрығымен бекітілген, азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар: қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілген конкурсқа қатысу туралы өтінішті; жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін; кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке парақты (нақты тұратын мекенжайы; мен байланыс телефондары көрсетілген); лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелерін; еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін; «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама ұсынады. Конкурсқа қатысушы, болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәреже мен атақ беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдар) ұсынады. Көрсетілген құжаттардың бірі болмаса, конкурсқа қатысушының құжаттары қайтарылады. Комиссия құжаттар қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде құжаттар тапсырған тұлғаны конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды. Ұйым кандидаттардың тізімін бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде біліктілік талаптарына сәйкес келетін конкурсқа қатысушыларды кандидат ретінде бекіту туралы, әңгімелесу өтетін күн, уақыт және орын туралы хабардар етеді. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басшыларында жарияланған соң 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжайға тапсырылуы тиіс:

151021, Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданы, Красная Поляна ауылы, Кооперативная көшесі, 27, «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Краснополян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ. Анықтама телефондары: 8(71536) 54217, электрондық пошта krasnopol@mail.kz

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 183. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтіні хабарлама беруші автор өзі жауапты.